



ПАРЫЗ

1941-1945 ж.ж.
Ұлы Отан соғысындағы
нұралық майдангерлер
туралы естелік





USAID
АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН



*Нұрлы Нұраның
ардагерлеріне арналады*

ПАРЫЗ

**1941-1945 ж.ж.
Ұлы Отан соғысындағы
нұралық майдангерлер туралы естелік**

Бұл ақпараттық материал Американдық Халықаралық Даму Агенттігінің (USAID) көмегі арқасында дайындалды. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Нұра аудандық филиалы ақпараттың мазмұнына тікелей жауапты, және де ол ақпарат USAID-тың, АҚШ үкіметінің, «Береке» ҚБ немесе «ЭКОЦЕНТР» ҚБ көзқарасына сай келмеуі мүмкін.



Құрастырушылар тобы:

1. **Жұмаділова К.А.** – Нұра ауданының Ардагерлер кеңесінің Төрайымы құрастыру тобының басшысы.
2. **Мақсұтов З.М.** – Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымының орынбасары.
3. **Романенко А.П.** – Ардагерлер кеңесінің мәдениет, ұлтаралық қатынас және Отан қорғаушыларды мәңгі еске сақтау тұрақты комиссияның төрағасы.
4. **Кумпан Л.А.** – Аудандық орталық кітапхана басшысы.
5. **Жолболдин Қ.Ш.** – Аудандық қорғаныс бөлімінің басшысы.
6. **Қыстаубаева Н.Ж.** – Алғабас ауылының бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы.
7. **Төлеубаева А.А.** – Қантай БАҰ - төрайымы.
8. **Дурдина Г.М.** – Байтуған БАҰ – төрайымы.
9. **Сейсембекова Т.У.** – Ахметаулы БАҰ – төрайымы.
10. **Алибекова Ш.М.** – Көбетей БАҰ – төрайымы.
11. **Киркэ Ш.Т.** – «Пржевальский» БАҰ – төрайымы.
12. **Орловская О.А.** – Шахтер БАҰ – төрайымы.



АЛҒЫСӨЗ



Адамзат тарихындағы ең сұрапыл да, зұлым соғыстың болып өткеніне, міне, 70 жылдан асты. Бірақ халық жадында Ұлы Жеңістің мақтанышымен қатар, қайғы-қасіреті де қалды. Даласы қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыздың қан майданда ерлік мінезі мен қайсар қасиеті сынға түсті. Осы орайда, барлық қазақстандықтар, оның ішінде нұралықтар да Жеңіске жығылмай жетуде өз үлестерін қосқаны белгілі. Ауданымыздан сұм соғысқа 3600 адам аттанған болатын. Оның қаншасы шайқас даласында қаза тапты. Қанша жерлесіміз із-түзсіз жоғалды. Ерлігімен көзге түсіп, атақ, ордендер иеленіп елге оралған батырларымыз тағы бар. Жеңіс күнін жақындатуда тылда аянбай еңбек еткен жесір әйел, жетім бала еңбегі де өлшеусіз болды. Барлығының көздегені бір еді – ұлын – құл, қызын – күң қылмай елін қорғау. Қаншама қиындық көрсе де, ешкімнің сағы сынбады, керісінше олардың бойындағы Отанға деген сезімі, қолына қару алып сапта тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңісті жақындата түсті.

Азаттық таңы арайлап атып, көк туымыздың желбірегеніне ширек ғасыр толуына орай осы кітаптың жарық көруінің маңызы зор. Себебі, миллиондаған адам 1418 күн мен түн бойы минуттап, сағаттап сарыла күткен, батыр бабаларымыз жаудың туын жығып, жеңістің мөрін басқан күн – Жеңіс күнінің дәмін өскелең ұрпақ толық сезінуі керек. Елімізге жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда танылған жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісі ұрпақтар үшін мәңгі өшпес мұра болып қалуы тиіс.

Ақ ниетті адамзаттың Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің мерекесі ғасырлар бойы тойлана беретін, бүкіләлемдік тарихи маңызын ешқандай уақыт өшіре алмайтын, қайта жыл өткен сайын жарқырай түсетін, жаңғыра беретін жарқын тойы болып қала бермек. Бұл күн бүкіл өркениетті әлемді тырнағынан қан тамған қаскөй пиғылдарға қарсы ымырасыз күрес туы астына біріктірген ұлы үрдіс, ұмтылыс күн болып адамзат жадында мәңгі сақталады.

"Ер есімі – ел есінде", — демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрын мәңгі шашқандай бола бермек.

*Омарханов Ниқанбай Иманғалиұлы,
Нұра ауданының әкімі*



Құрметті оқырман қауым!



Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық – ел мерекесінің қарсаңында Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Парыз» естелік кітабы арқылы бүкіл Нұра жерінен Ұлы Отан соғысына – майданға аттанған боздақтар мен соғыс ардагерлері туралы мәлімет жинағын кітап жүзінде аманат етіп қалдыру.

Бұл кітапты шығару «Береке ынтымақ арқылы» бағдарламасына қатысудың арқасында мүмкін болғандығын айтқым келеді. Бұл бағдарлама «Береке» ҚБ мен «ЭКОЦЕНТР» ҚБ серіктестік негізде, Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігі (USAID) арқылы Америка халқының қаржылай қолдауымен жүзеге асырылуда.

Нұра ауданына 1941-1945 жылдары 3600 жерлестеріміз Отаның қорғау үшін аттанса, оның 1620-сы оралмай майдан шебінде қаза болды, 973-і хабарсыз кетті, 1107-і елге жеңіспен оралды. 2487 майдангер Ұлы Отан соғысының наградаларымен марапатталды, оның ішінде Иван Михайлович Колодий мен Семен Андрианович Лебедевке Кеңес Одағының батыры атағы берілді, Муташ Сүлейменов, Даңқ орденінің толық иегері атанды.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ 1941-1942 жылдары 75 нұралық қаза тапса, Ленинградты қорғауда – 218 нұралық, Москва үшін ұрыста 286, Харьков-Кавказ үшін 88-і, Карель майданында – 11 нұралық майдангер қазаға ұшырады.

Ең басты мақсатымыз; осы кітап арқылы қайғы мен соғыс азабына малшынған ардагерлерімізге деген ілтипатымызбен мәңгілік естен кетпес ұрпағымыздың алғысын білдірмекпіз.

Мереке қарсаңында жарық көрген «Парыз» естелік кітабы ардагерлеріміз үшін сый болары сөзсіз, ардагерлерімізді құрметке бөлегеніміз тікелей борышымыз болмақшы.

Нәтижесінде біз үшін, Отан үшін, келер ұрпақ үшін от кешіп, қан төккен, ерлікпен жеңіске жеткен қаһарман ардагерліріміз бар екен деген сана сезімді әр жеткіншек азаматтың бойынан ояту. Қазіргі жетістіктеріміздің бәрі төгілген қан мен көз жастың, еңбектің арқасында келгенін жас ұрпақ біліп түсініп өсуі тиіс.

Отанының патриоты болуы оның ең бірінші парызы екенін жүректе сақтауы керек. Бізді осы күнге жеткізген Ардагерлер екендігін мәңгі естен шығармауымыз парыз! Ардагерлеріміздің даңқы арта берсін!

Осы кітапты құрастыру барысында айрықша көмек көрсеткен: Ардагерлер кеңесінің мүшесі А.П. Романенко, З.М. Мақсұтовқа және Нұра ауданының орталық кітапхана басшысы Л.А. Кумпан мен кітапхана қызметкерлеріне ыстық ықласыммен ризашылығымды білдіріп, үлкен алғысымды айтамын.

*Күміс Алиасқарқызы Жұмаділова,
Нұра ауданының ардагерлер кеңесінің төрайымы*



Ұлы Отан соғысы жылдарындағы бүкіл халықтың ерлігі тарих бетінен өшпейтін дастанға айналды.

Соғыстың алғашқы күндерінің өзінде-ақ алғашқы шепке сұранған нұралықтардың саны аз болған жоқ. Солардың көбі оралмасқа аттанды. Отан қорғауға ат салысқан жерлестердің жалпы саны - 3600 болатын. Соның ішінде, тек Киевка кентінен 400-ге жуық адам қолына қару алып, майданға аттанды. Осылардың бәрі де Отан үшін шайқаста ерлік танытты. Бүгінде сол бір қиынқыстау кезеңнің куәгері – тарих беттерін ашып қарағанда, жеңімпаздардың жасаған сан алуан ерлігінің куәгері боласыз. 3600-нан астам нұралықтардың 2487-і мемлекеттік жоғары марапаттарға (орден, медаль) ие болуы-осының айғағы.

Өкінішке орай, нұралықтардың Отан үшін қаза тапқандары да аз болған жоқ. 2487 адам соғыс құрбанына айналды.

Нұралықтардың ішінде екі соғысқа қатысып, ұзақ жылдар амалсыз елінен алыста, қолына тек қару ұстауға мәжбүр болды. Себебі, алғашқыда олар міндетті әскерге алынса, кейін аяқ астынан басталып кеткен Кеңес-Финляндия соғысына қатысуға мәжбүр болды.

Көбетейлік Былқылов Қуаныш Балтық флотында азаматтық борышын атқарып жүргенде, осы соғысқа тап болды. Соғыстың ең алғашқы кезеңінің өзінде біздің жерлестеріміз: Алексей Швецов, Ғизат Рахымбеков. Павел Савченко, Нұркеш Маханов, Семен Пустовит, Петр Свиденко, Қуаныш Былқылов ерлік пен өжеттік көрсете білді. Біздің ауданның әскерлері Ақмолада құрылған дивизияға жіберілді. Ол жерде 310, 387, 29 (кейіннен 72-гвардиялық) атқыштар дивизиясы құрылды.

Ладога жағасындағы ұрысқа 310-атқыштар дивизиясы белсенді қатысты. Пчева деревнясы үшін қантөгіс шайқастан біздің екі нұралық Иван Коваленко мен Иван Ткаченко аман шықты. Гордиенко Яков та осы дивизиясының құрамында болып, Волхов бойындағы және Ленинград үшін болған шайқаста жараланып, емделгеннен кейін, Москва майданына жіберілді. Смоленск пен Белоруссияны құтқаруға қатысты. Москва үшін неміс әскерін күйреткен шайқаста біздің қазақстандық әскерлер өздерінің үлкен үлесін қосты, Сәбит Мұрзабаев «Ерлігі үшін» медалімен, «Москваны қорғағаны үшін», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды.

Сапар Әлмаханов «Ерлігі үшін», «Москваны қорғағаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Ленинградты блокададан шығаруда Волхов майданының маңызы зор болды. Осы майданға нұралық Павел Савченко қатысты.

Москва және Ленинград үшін ұрыста біздің нұралық Андрей Мирошниченко қатысып, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Москва мен Ленинградты қорғау» медальдарымен марапатталды.

Харьков жанындағы соғыста Мұқан Қалжанов қатысты. Ол саяси жетекшінің орынбасары ретінде, жаудың қоршауынан өзінің жауынгерлерін алып шығып, өте маңызды құжаттарды аман сақтап, дивизияға жеткізген. Осы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және медальдармен марапатталды.



Осы соғыста Завьялов ауылының тумасы Дарьев Николай Маркович ерлікпен қаза тапты.

Тарих құжаттарына сүйенсек, Сталинград түбіндегі шайқаста дивизия, бригадалардың бәрінде біздің жерлестеріміз көп болған.

Осы қорғаныста орналасқан 62-ші армияда нұралық Жүніс Темірболатов атылған снаряд пен оқтың астында жүріп, полуторка машинасымен алдыңғы шепке қару-жарақ тасыды, кейін Ленинград майданында, Перкоптағы соғысқа қатысты.

Илья Гордиенко да осы майданда артиллерия бригадасында жаяу әскер қатарында жүріп ерлік көрсетті.

Сталинград бағытындағы «Уран» атты операция шабуылында Сұлтан Нұрғожин, Елеукен Жахин, Иван Андриенко, тағы басқа нұралық жауынгерлер қатысты.

Сұлтан Нұрғожин 35-ші гвардияның атқыштар дивизиясында автоматшы болып, Сталинград үшін шабуылда ауыр жараланды. Кейін 389-орудие командирі ретінде 3-Белорус майданында Литва, Шығыс Грузия, Кенигсбергті жаудан босатуға қатысты. «Қызыл Жұлдыз», «Ерлігі үшін» ордендерімен, «Кенигсбергті алғаны үшін» медалімен марапатталды. Ленинград блокадасын бұзудағы шабуылда нұралық Роман Каменев ерлікпен қаза тапты.

Курск шайқасында болған Иван Иващенко артиллерия командирі болды, Мұстапа Жаманбаев «Ерлігі үшін» медалі мен «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Днепр үшін күресте көптеген жауынгерлерге, соның ішінде нұралық Иван Михайлович Колодийге «Кеңес Одағының Батыры» атағы, жоғары дәрежелі наградалар берілді. И.М.Колодий-радиотелеграфшы, 69-атқыштар дивизиясында жаужүректігімен, ауыр жараланғанына қарамастан, рациямен жаудың қай жерден оқ жаудырып жатқанын қолбасшылыққа уақытында хабар беруінің арқасында біздің әскерлер жеңіске жеткен.

Донбасты құтқарудағы майданда Яков Шевченко ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, III дәрежелі «Данк» ордені және жеті медальмен марапатталған.

Калинин қанды майданында Киевка тұрғыны Куаныш Сүлейменов 134-ші дивизияның 629-атқыштар полкінің жауынгері міндетін ерлікпен атқарғаны үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, тағы екі орденмен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Осы майданда біздің ауданымыздың тұрғыны Иван Гаврилович Горюцкино селосын алған кезде, ерлікпен қаза тапқан.

1944 жылы Кеңес Армиясының алдында-Ленинградтан жауды қуып, Украина мен Қырымды босату тұрды. Осы шабуылда нұралық Жұнышев Шайкен қатысып, ерлігі үшін 2 дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен және медальдармен марапатталды.

Витебск түбіндегі шайқаста нұралық Дмитрий Алексеевич Колмоец ерлікпен қазаға ұшырады.



Алдыңғы шепте коммунист, аға лейтенант Григорий Белан 862-ші атқыштар полкінің взводуын басқаратын «Қызыл Жұлдыз» ордені мен бірнеше медальдардың иегері болды.

Осы жылдың 28 маусымында 3-Белорус майданының жауынгерлері Березин өзені жағалауына шыққан еді, сол кезде жауынгерлік міндетіне жаңадан кіріскен нұралық Петр Свиденко ерлік пен өжеттік көрсете білді. 1944 жылдың шілдесінде Плаховка ауылынан шыққан нұралық ұшқыш Семен Андриянович Лебедевке ең жоғарғы мемлекеттік награда «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Осы Солтүстік-Кавказ, Оңтүстік IV Украин және Белорус майданында соғысты. 169 рет жауынгерлік міндетпен ұшып, 34 ауа шабуылын жасаған бір өзі 19 неміс фашистерінің самолетін атып түсірген. Осы ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен 5 рет «Қызыл Жұлдыз», «Александр Невский» ордендерімен марапатталған.

Белорус, I Украин майданында және Польшаның Данцинг қаласын босатуға қатысып, табандылық пен білгірлік көрсете білген Кертінді ауылының қаһарман батыры Мүтәш Сүлейменов екі рет «Ерлігі үшін» медалімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен және 3 рет «Даңқ» орденімен марапатталды.

Ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсеткен жерлестеріміз аз емес: Жұматаев Өмірбай - Украин, Белорус, Сталинград шайқастарына қатысып, «Қызыл Жұлдыз» ордені мен «Ерлігі үшін» медалімен, Биपाуов Байзен - «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Баймұратов Алаңбай - «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Мұқанов Махмет - III дәрежелі «Даңқ» орденімен, Аханов Әбілхан - II, III дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, Әубәкіров Әшен - II, III дәрежелі «Даңқ» орденімен, Оспанов Досмағамбет - екі рет «Ұлы Отан соғысы» ордені және медальдармен, Маханов Нұркеш - ордендер мен медальдармен, Мұқышев Матан - «Қызыл Жұлдыз» орденімен, екі рет III дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» медалімен, Кәріпов Серік - III дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», Ақмағамбетов Смағұл - II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» медалімен, Түлендинов Сәтмағамбет - «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту», I, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» медальдарымен, Әбілов Қаппар - «Ұлы Отан соғысы» ордені және медальдармен, Собора Григорий - «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Бейсекеев Берген ордендер мен медальдармен, Асубаев Рахым - III дәрежелі «Даңқ» орденімен, Кондыбко Михаил - II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Рахымжанов Темірғали - «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Айтуғанов Нұркен - «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Тұрмағанбетов Джардем - II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Төлеуов Тастамбек - II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Үсембеков Аманбай - «Даңқ» орденімен, «Қызыл Жұлдыз», «Ұлы Отан соғысы» медальдарымен, Алин Үсен - II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені және жеті медальмен, Арынов Серік - ордендер мен медальдармен марапатталды. Сонымен қоса, Құлахметов Сайдалы, Нұрмағамбетов Қара, Сәтжанов Дәді, Құртбаев Сағымбек, Оңғарбаев Илияс, Бұқпин Рысмағамбет, Сартаев Айтжан, Скаков Жағалбай, Жансейітов Қойшыбай, Дамров Мұқыжан, Шакенов Ахан, Дудкин Николай, Құсайынов Мейрам, Жүсіпов Көбен, Тойбеков Мұхтар, Баймағамбетов Жанәбіл,



Ермағамбетов Хамит, Қамиев Көшмағамбет, Ниязов Құлтас, Әлібеков Нағидулла сынды майдангер-жауынгерлердің бәрі де ордендер мен медальдардың иегерлері.

Нұралықтардың ерліктері еңбек майданында да жалғасын тапты.

Ауылдарда кілең еңкейген қариялармен буыны қатпаған жасөспірімдер болатұра, колхоз өндірісін бәсеңсітпеді. Өлместің күнін кеше жүріп, тапқан табыстың бәрінде азық-түлікті, киім-кешекті Отан қорғаушыларға арнайтын. Бірімен-бірі бәсекеге түсіп үлес салмағы басым болған сайын үдете түсетін. Мұндай оң көріністердің қанат жаюы дәстүрге айналды. Айталық «17 лет Октября» кеншарының сауыншылары Омарова мен Төлеубаева әр сиырдан сауып отырған 90 литрді 120-ға жеткізді, Чернигов МТС кеңсесінің жұмысшысы Карпова үйінен 3 метр мата мен 1 килограмм жүн тапсырды. «Путь Ленина» шаруашылық артелінің мүшелері: 80 центнер тары, 80 центнер сұлы және екі күндік еңбек ақыларын аударды. Қолмен себушілер Свиденко мен Самаев жоспарды 150% орындады.

Аудан еңбеккерлері өте қысқа мерзімде Қызыл әскер үшін 1736 атаулы киім-кешек, оның 400 қысқы тон, 2083 килограммы жүн мен мамық.

Тек 1941 жылдың желтоқсанының 1 мен 20-сы аралығында госпитальдағы жаралы жауынгерлер үшін нұралықтардан 50 құс, 12 өгізше, 23 қой, 23 ешкі, 23 шошқа және 100 центнер бидай, 150-сұлы, 200 центнер ұн тапсырылды.

Нұралықтар ел басына күн туған отты жыл мәресіне өздерінің жеке қорынан 269319 сом ақшалай көмек көрсетті.

Сұрапыл соғыстың қайнап тұрған екінші жылында нұралықтар қорғаныс қорына 134,9 центнер ет, 439,99 центнер астық өткізіп, 366140 сомға облигация сатып алды. Ал тірі ақшамен 297698 сом 42 тиын қор есебіне аударылды. Сонымен қатар майданға 1000 дана арнайы жолдау жөнелтілді.

Иә, майдангерлерше екпінді еңбек ету әркімнің әдетіне айналды. Мысалы, Ворошилов колхозының тракторшысы Абжанов Бәкір 59 гектар сүрен көтеріп, күндік жоспарын 109 пайыз орындап отырса, осы шаруашылықтың жұмыскері Мұсылманбекова Дарья 12-ің орнына 23 көлікке шөп тиеп тапсырманы 182 пайызға жеткізді.

Жыл қортындысы бойынша негізгі көрсеткіш мемлекетке астық тапсыру 1942-ші жылмен салыстырғанда 30 күн бұрын аяқталды, оның көлемі 60149 пұтты құраса, 28800-і колхозшылардың еңбеккүніне тиесілі астықтан тапсырылды.

Жыл жемісін малшылар да жеді. Олардың зооветталаптарын орындау барысындағы бейнеті баянды қайырымын берді. Әсіресе өлім-жітімге жол бермей, нәтижесінде ірі қараның өсуі 100%, қой-102,8%, жылқы-105,2% және шошқа-102 % орындалды.

Айталық, Қызыл-Шілік колхозының шопаны Қожанбаев қарамағындағы саулықтардың 100-нен 137 қозы алса, Ворошилов колхозшысы Жаманқожаев 142-ден төлдетті, Тельман колхозының сауыншысы Дүйсенбекова Зура әр бұзаудың орташа сөткелік салмақ қосуын 880 грамға жеткізсе, «Путь Ленина» колхозының жылқышысы Берлібеков Бимағанбет 27 биеден 27 құлын алып, оларды аман сақтап жетілдірген.



Нұралықтардың Отан сүйгіштігі мен бірлігі танк колоннасы мен авиаэскадрильяны жасап шығаруға қажет қаржы жинауда ерекше айшықталды. «Қазақстан» колхозшысы танк колоннасы құрылысына өте қысқа мерзімде 1 миллион 766 мың 600 сом ақшалай қаражат жинады. Қорғанжар селолық депутаты Денис Лустың 101,5 мың, «Париж Коммунасы» колхозшысы Мақұлов Ысқақтың 102,5 мың, «Маржанкөл» совхозының жұмысшысы Константин Свистуновтың 70 мың, «Ынтымақ» шаруашылық артелінің мүшесі Ыбыраев Кәрімнің 40 мың сом өз қалталарынан ақшалай көмек көрсетулері және «Өркендеу» колхозының мүшесі Тұратпеков Даукештың 5 бас қараны танк колоннасы құрылысына өз еркімен тапсырған.

Мұндай игі істер соғыс жылдарында Нұра өңірінде кең өріс алды. Тек қана өткен 3 жыл ішінде танк колоннасы мен авиаэскадрильясын алмағанда, қорғаныс қорына 434221 сом жеке адамдар қаражаты есебінен түссе, 1 миллион 100000 сомға ақшалай-заттай лотереясы сатып алынған. Сондай-ақ 1500000 сомға мемлекеттік несиеге қол қойылып, майданға 1500 әртүрлі арнайы жолдау (посылка) жөнелтіліп, алғы шептегі жауынгерлерге 9500 заттай қажет ашылды. Қорғаныс қорына осы уақыт ішінде 449 центнер-ет, 1500 центнер-астық, 903 сомға-күміс және 321 сомға-алтын тапсырылды.

1943 жылдың мәдени тұрғыдан алып қарағанда да елең еткізерлік ерекшелігі бар, майдандағы соңғы елеулі жеңістердің әсері нұралық ақындарға демеу болды. Олар ел-елді аралап, бірігіп басқосып, айтыс додасын өткізді. Суырып салма ақындар: Қайып Айнабеков, Жолдыкей Нұрмағамбетов, Таужи Айнатасов, Колзақ Амангельдин, Сәби Изденбаевтар елдің еңсесін көтеріп, рухына дем беріп, ертеңгі нұрлы күнді ала келер Ұлы Жеңістің қыр астында екенін, оны жақындатуда тыл еңбеккерлерінің үлесін паш етіп, кеңінен жырлады. 1943 жылдың қазанында Қызыл-Шілік ауылында өткізілген Қарқаралы-Нұра ақындары арасындағы айтыс естен кетпес, тарих бетінде қалды.

Осы кітап дайындау барысында Нұра ауданы бойынша қалған жалғыз майдангеріміз, Ұлы Отан соғысының ардагері, Нұра ауданының құрметті азаматы, еңбек ардагері Ысқақов Ахметбек атамыз 9-шы маусымда дүниеден озды.

Майдангер жеңімпаздарымыздың есімдері мәңгі өшпей, даңқы арта бермек.

Кітапті жазу барысында ақпарат жинауға қолқабыстарын тигізген Нұра ауданының азаматтары мен азаматшаларына көп алғыс айтамыз!

*Нұра ауданының ардагерлер кеңесі
Киевка кенті,
маусым, 2016 жыл.*



КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

Колодий Иван Михайлович



Радиотелеграфист 118-го артиллерийского полка 69-й Краснознаменной Севской стрелковой дивизии 65-й армии Центрального фронта, ефрейтор. Родился 1 мая 1912 года в поселке Киевка, ныне центр Нуринского района Карагандинской области, в крестьянской семье. Украинец. Учился в ликбезе, работал в кишлаке, ныне город Денау Сурхандарьинской области Узбекистана, в государственном плодовом питомнике кузнецом.

В Красную Армию призван в 1941 году Денауским райвоенкоматом Сурхандарьинской области Узбекской ССР.

Участвовал в боях Великой Отечественной войны с апреля 1942 года. Член ВКП /б/КПСС с 1943 года. Иван Колодий особо отличился в боях на реке Днепр. В ночь на 15 октября 1943 года лейтенант Бутылкин, старший сержант Тимонов и ефрейтор Колодий с передовыми стрелковыми подразделениями под артиллерийско-минометным огнем противника форсировали Днепр у поселка городского типа Радуль Репкинского района Черниговской области Украины.

На подступах к правому берегу Днепра разрывом снаряда лодка, в которой находился ефрейтор Колодий, была разбита. Тяжело раненый связист, вплавь добрался до берега с радиостанцией, развернул ее, установил связь с артиллерийскими батареями и передавал данные для стрельбы. За этот бой ефрейтор Колодий Иван Михайлович был представлен к присвоению звания Герой Советского Союза. Указом Президиума Верховного Совета СССР от 30 октября 1943 года за образцовое выполнение боевых заданий командования на фронте борьбы с немецко-фашистскими захватчиками и проявленные при этом мужество и героизм ефрейтору Колодию Ивану Михайловичу присвоено звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда» /№1593/.

Колодий окончил военно-морское авиационно-техническое училище в городе Молотов /с 1957 года и ныне – город Пермь/. Работал председателем районного комитета ДОСААФ в Кирове. Скончался 18 ноября 1954 года. Награжден орденом Ленина /30.10.43/, медалями, в числе которых – «За отвагу» /07.10.43/ и «За боевые заслуги» /30.08.43/. Именем Героя назван сариасийский Дом пионеров и школьников Сурхандарьинской области Узбекистана. Радиостанция и автомат Героя экспонируются в Центральном музее Вооруженных Сил РФ в Москве.



Лебедев Семен Андрианович



Родился 5 декабря 1919 года в селе Захаровка Нуринаского района Карагандинской области, в семье крестьянина. Окончил 9 классов и школу фабрично-заводского ученичества. Работал столяром на заводе в городе Керчь. С 1937 года служил в Красной Армии. В 1939 году окончил Качинскую военную авиационную школу пилотов. Участник Великой Отечественной войны с 1943 года. Три года участвовал в боевых действиях за освобождение оккупированных территорий Украины, Белоруссии, Прибалтики, за что был награждён тремя орденами Отечественной войны 1-й степени, орденом

Красной Звезды, медалями.

Всего совершил около 200 боевых вылетов, участвовал в 34 воздушных боях, сбил 22 самолета противника, последний из которых над Берлином. 23 февраля 1945 года за мужество и воинскую доблесть, проявленные в боях с врагами, ему было присвоено звание Героя Советского Союза.

После войны продолжал служить в ВВС. В 1952 году окончил Военно-воздушную академию. Кандидат военных наук, доцент. С 1975 года полковник С. А. Лебедев - в запасе. Работал в Военно-воздушной академии. Жил в посёлке Монино Московской области.

Награждён орденами Ленина, Красного Знамени (трижды), Александра Невского, Отечественной войны 1-й степени (дважды), Красной Звезды, "За службу Родине в Вооружённых Силах СССР" 3-й степени, медалями. Умер в 1998 году.





ДАҢҚ ОРДЕНІНІҢ ТОЛЫҚ ИЕГЕРІ

Сүлейменов Мүтәш



Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі. Ол кісі 1921 жылы 10 қыркүйекте Казгородок селосында дүниеге келген. М. Сүлейменовтың жастық шағы соғыстың басталуымен қатар келеді. Ол 1941 жылы 9-шы сыныпты аяқтап Чкалов атындағы колхозға есепші болып жұмысқа алынады. Жоғары сынып оқушыларының қатарында жүріп, ол тың жерлерді игеруге белсене араласады. Сол еңбегі үшін ол кейін мемлекеттік сыйлыққа ие болады. Бірақ басталған соғыс бәріне кедергі болады. Майданға 1942 жылдың қаңтар айында алынады. Алдымен 3-4 айлық зеңбірекшілер курсынан өтеді. Оның майдандық өмірі 114-ші атқыштар бригадасында басталады. Алғаш рет Калинин облысына қарасты Ржев қаласының маңындағы Зубцево деген жердегі қанды қырғынға қатысады. Осыдан кейін де талай ұрыстарға қатысқан Мүтәш Сүлейменов сол жылдың қазан айында ауыр жараланып, госпитальге түскен. Қарашада сауығып шыққанда өз бөлімінен көз жазып қалып, 139-шы Қызыл Тулы Ярославль гвардиялық атқыштар дивизиясына қарасты 364-ші атқыштар полкінің құрамында танкіге қарсы ататын 45 миллиметрлік зеңбіректің көздеушісі болып қайта сапқа тұрады. Осы кезге дейін ол бірнеше ерлік істерімен көзге түсіп, өңіріне «Ерлік үшін» медалін және «Қызыл Жұлдыз» орденін қадап үлгереді.

1944 жылдың маусымында зеңбірек расчетінің командирі болып жүрген аға сержант Мүтәш Сүлейменов Белоруссияның Погоран деген жерін азат ету кезінде көрсеткен ерлігі үшін үшінші дәрежелі Даңқ орденіне ие болады. Осовец қамалын азат ету кезінде көрсеткен тапқырлығы мен ерлігі үшін екінші дәрежелі Даңқ ордені беріледі. Осы шайқас жайында ол өз күнделігіне жазады.

17 қаңтарда Варшава азат етіледі. Бұдан кейін наурызда бүкіл Польша азат етіледі. 30 наурызда Польша мемлекетінің ұлттық туы Данциг үстіне тігіледі. Бұл ерліктері үшін Мүтәш ағаның қарамағындағы жауынгерлер тегіс медаль, ордендерге ие болады. М. Сүлейменовтың өзіне бірінші дәрежелі Даңқ ордені беріледі.

Мүкең соғысты немістердің Аргшмонд қаласында аяқтайды. 1945 жылы 24 маусымда Мәскеу қаласында болған Жеңіс парадына қатысады.

Соғыстан туған ауылына қайта оралып, ауылдағы мектепте ұстаздық етеді. Қарағанды қаласындағы университеттің тарих факультетін бітіреді. 40 жылдан астам мектеп шәкірттеріне алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ береді. Көп жылғы талмас еңбегі үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі», «СССР халық



ағарту ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған.

1993 жылдан Кертінді ауылдық мектебі Мүтәш Сүлейменов атымен аталады.





ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА (1941–1945 жж.) ҚАТЫСУШЫЛАР УЧАСТНИКИ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ (1941 -1945 гг.)

Абенов Оразбек 1915 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Ақмешіт ауылында туған. II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.



Абенов Ыбрайым (1921-1992 жж.) 1921 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Ынтымақ ауылында дүниеге келеді. Ұлы Отан соғысы кезінде 1942 жылдың шілде айынан 1944 жылдың мамыр айына дейін Ленинград соғысына қатысқан. 20 қаңтар 1944 жылы сол қолынан жарақат алып, елге оралады. Захаровка ауылдарында агроном, бөлімше меңгерушісі болып, зейнеткерлікке шыққанға дейін әр салада қызмет жасайды. 1992 жылы 72 жасында дүниеден өтті.

Абетов Дүйсенбек Аманжолұлы (1916-1998 жж.) 1916 жылы Сарыөзен ауылында дүниеге келген. 1939 жылы әскерге шақыртылып, Фин соғысына кетеді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1945 жылы соғыстан аман-есен оралады. Изенді ауылында жылқышы, қойшы болған. 1976 жылы зейнеткерлікке шығады. 1998 жылы 82 жасында дүниеден өтті. Бірнеше жауынгерлік және мерейтойлық медальдармен марапатталған.



Абетов Сәрсенбек Аманжолұлы (1922-2002 жж.) 1922 жылы Сарыөзен ауылында дүниеге келген. 1942 жылы соғысқа аттанады. Содан 1946 жылы Щербаков ауылының Қабаш деген ауылына қайтып келеді. 1964 жылы отбасымен бірге Қарағандыға көшіп барып, бір жыл есепші оқуын оқиды. 1965 жылы Изенді ауылында есепші қызметін атқарады. 2002 жылы дүниеден озды.




Абжалиев Ыбыкен (1908-1988) 1908 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерілктері үшін бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Елге аман-есен оралған соң еңбекке құлшына кірісіп,



бірнеше жыл трактор бригадасының бригадиры болған. Өмірден 1988 жылы 80 жасында өтті.


Абжанов Саябек 1906 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Киевка кентінде туған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Абиев Құсайын 1913 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Кертінді ауылында туған. Гвардия қызыл әскері атағында болған. Нұра АӘК-мен әскерге шақырылған. 193 гв. ап 66 гв. ад-да қызмет еткен. 14.03.1945 жылы ерлік жасаған.



Абильдин Дүйсенбі 1908 жылы туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін жауынгерлік және бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Абильдинов Нығмет 1906 жылы қаңтардың 1-ші жұлдызында Қарағанды облысы Нұра ауданы Ұлықөл ауылында дүниеге келген. 1942 жылы наурыз айында әскерге шақырылып, соғысқа аттандырылды. Көптеген шайқастарға қатысты. 1944 жылы ауыр жарақаттанып, елге оралды. Еңбекке араласып көп жылдары аудандық тұтынушы одағында жұмыс істеді, еңбектегі ерліктері үшін «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалымен және көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1966 жылы зейнеткерлікке шығып, 1979 жылы 73 жасында дүниеден өтті.



Абилқасов Қазтай (1924-1974) 1924 жылы 24 тамызда Қарағанды облысы Нұра ауданының Казгородок (қазіргі Кертінді) ауылында дүниеге келеді. 1942 жылы майданға аттанып, 1944 жылы аяғынан қатты жарақат алып жалғыз аяқпен туған еліне оралады. Келісімен бірнеше жылдары совхозда бас есепші болып қызмет жасайды. Майдандағы ерліктері үшін бірнеше жауынгерлік және мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Осы Ұлы Отан соғысында алған жарақатының салдарынан 1974 жылы 50 жасында дүниеден өтті.




Ағыбаев Жұмаш - 1914 жылы туған. 1941 жылы соғысқа кетіп, 1943 жылы қайтыс болған.



Айдарханов Алтынхан (1909 - 1978) 1909 жылы дүниеге келеді. Еңбек, соғыс ардагері. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Содан 1946 жылы ғана туған жерге оралады. Сол сұм соғыстың зардабынан көп төсек тартып, тағдырдың салғанын басынан кешіп, өмірден 1978 жылы маусым айында 68 жаста өмірден өтті.

Айдарханов Жаманқан (1911-1991жж.) 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін бірнеше жауынгерлік және мерейтойлық медальдармен марапатталған. Соғыстан бұрын механизатор, кейін ауылнай, милиционер, почта тасушы болып жұмыстар атқарған. 1991 жылы 6 наурызда 80 жасында бұл дүниеден өтті.



Аймолдин Ғалым Ұлы Отан соғысының 1943 жылы алынды. Кіші сержант 184-атқыштар полкінде болды. II-III дәрежелі «Даңқ», «Отан соғысы» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін» , «Еңбек ардагері» т.б. ордендерімен марапатталған. 2-3 дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Соғыстан оралған соң бухгалтер болып жұмыс істеген. Қорымы Баршын ауылында.

Айтмагамбетов Әбдуәли 1920 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Байтуған ауылында дүниеге келген. 1944 жылы Нұра АӘК шақырылған. Хабарсыз кеткен.

Айтмагамбетов Әбдікәрім (1925-1988 жж.) 1925 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Новокарповка ауылында дүниеге келді. Соғысқа дейін колхозда есепші болып жұмыс істеді. 1943 жылы 18 жасында әскер қатарына алынады. Шекарада атқыш болған. 1946 жылы елге оралды.



Айтмағамбетов Бекен 1904 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Байтуған ауылында дүниеге келген. 1942 жылы АӘК шақырылған. Хабарсыз кеткен.

Айтқұлов Айман - 87 АП 26 АД қатардағы жауынгері болған. Нұра ауданының Байтуған ауылында туған. 1941 жылы Нұра АӘК-мен әскер қатарына шақырылған. 17.12.1942 ж. Ленинград облысы Полав ауданының Сорокино селосында жерленген.

Айтуғанов Нұркен 1916 жылы Құланөтпес өзенінің жағасында дүниеге келген. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына кеткен. 1945 жылы үйіне қайтып оралған. «Социалистік Еңбек ері», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және бірнеше мерейтойлық медалдармен марапатталған.



Аймағамбетұлы Меңдіғали 1914 жылы Шұңқыркөл ауылында туған. 1932 жылы Нұра АӘК әскер қатарына шақырылған. Қатардағы жауынгер. 1941 жылдың желтоқсанында қаза тапқан.

Ақайұлы Рысмағамбет 1914 жылы Шұңқыркөл ауылында туған. Нұра АӘК әскер қатарына шақырылған. Қатардағы жауынгер. 1941 жылдың желтоқсанында қаза тапқан. Ржев түбіндегі Полунино деревнясынан 7 шақырым қашықтықта жерленген

Ақмағанбетов Қайкен – жауынгер. 1923 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Алғабас ауылында туған. Нұра әскери комиссариатынан шақырылған. 30.09.1942 жылы 632-ші медсанбатта жарақаттан қайтыс болды. Ленинград облысы Александровка деревнясында бауырластар зиратында жерленген.



Ақмолдин Ыкылас (1935-2011жж.) 1935 жылы 1-ші қаңтар күні Қарағанды облысы Нұра ауданының Захаровка ауылында дүниеге келеді. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып көрсеткен ерліктері үшін бірнеше жауынгерлік және мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1958-1959 жылдары Қантай бастауыш мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады. Содан 1961 жылы Куйбышев атындағы совхоз ашылып, сонда қоныс аударады. Құрмет демалысына шыққанға дейін осы совхоздың кадр бөлімінде инспектор болып қызмет атқарады. 2011 жылы 76 жасында

дүниеден өтеді.



Ақпасов Кәрсембай (1894-1968жж.) - Ұлы Отан соғысының ардагері, партия, кеңес қызметкері. Қарағанды облысы Нұра ауданының Бірінші Май ауылының тумасы. 1933 ж. Киевка ауылының кеңесінің тұңғыш төрағасы болып сайланады.

1934 жылы №1 Киевка орта мектебінің ғимаратын салуға ат салысқан. Кейін Киевка кентінің санақшысы, Қаратал шоқысының аумағында орналасқан құс фермасының меңгерушісі, колхоз басшысының меңгерушісінің қызметтерін атқарған. Адал еңбегі үшін бірнеше медальдармен, сыйлықтармен марапатталған.

Алдабаев Нұрмағамбет - жауынгер. 1906 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Алғабас ауылында туған. Нұра АӘК –нан шақырылған. 23.02. 1943 жылы қаза болды.

Алекса Никита Мартынович родился в 1912 году. С августа 1941 года был в рядах Красной Армии. Призывался Нуриным РВК. Служил в 94 тгабр 22 гв. ск. Награжден медалью «За боевые заслуги».

Алпеисов Тоқыш 1906 жылы Нұра ауданының Жараспай ауылында туған. 1941 жылы майданға аттанды. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін III дәрежелі «Даңқ» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін жылдары «Октябрьдің 17 жылдығы» атындағы кеңшарда жұмыс істеп зейнеткерлікке шыққан. Жараспай ауылында қайтыс болды.



Алханов Өмірбай 1924 жылы туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып көрсеткен ерліктері үшін бірнеше жауынгерлік және мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1991 жылы дүниеден өтті.

Алпысбайұлы Қалмағамбет 1923 жылы Шұңқыркөл ауылында туған. 1942 жылы Нұра АӘК шақырылған. Әскери атағы – сержант. 1943 жылдың 4 желтоқсанында қаза тапқан. Украинаның Кировоград облысының Петровский ауданының Красная Константиновка селосында жерленген. Қабірі - № 6.



Алшын Хамзеұлы 1921 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Қарой ауылында туған. 1939 жылы әскер қатарына шақырылған. 1941-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысады. 1943 жылы Украина жерінде қаза болады.

Алшынбаев Нағыман 1908 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Байтуған ауылында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірге оралып, еңбектегі ерліктері үшін орден-медальдармен марапатталған. Қайтыс болған.

Аманбеков Әкімжан 1897 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін орден және жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірге араласып жауапты қызметтер атқарып, нәтижелі еңбектері үшін мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Аманжолов Ақмағамбет – қатардағы жауынгер. 1916 жылы Жаңа-Құрылыс ауылында туған. Нұра АӘК шақырылған. 1944 жылдың 10 қыркүйегінде қаза тапқан. Белосток облысы Новгород ауданының Власинск деревнясында жерленген.

Аманжолов Әлжан 1908 жылы туған. 1942 жылдың 26 наурызынан 1942 жылдың 20 мамыры арасында 404 атқыштар полкінің 176 атқыштар дивизиясы құрамында соғысқан. 1945 жылдың 21 қазанына дейін тұтқында болған. «Маршал Жуков», «Жеңістің 20 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

Аманжолов Ескен 1896 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Көбетей ауылында туған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.



Андрienко Иван Михайлович родился в 1923 году в Нурином районе Карагандинской области. Попал в военно-пересылочный пункт Саратовский ВПП. 11.03.1943 года прибыл в воинскую часть ЭГ 4431.

Ануфриенко Макар Семенович родился в 1916 году в селе Ивановка Нуринаго района Карагандинской области. Попал в военно-пересылочный пункт Горьковский ВПП. 29.01.1944 года прибыл в воинскую часть 89468.



Анциферова Евгения Андреевна родилась в 1925 году в деревне Лыгино Бабынинского района Калужской области. Награждена орденом «Отечественной войны» II степени.



Арғынбаев Айкен 1898 жылы Қарағанды облысында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары Жараспай ауылында ауыл шаруашылық жұмыстарда қызмет жасап өмірден өтті.

Арғынбаев Түлкен 1925 жылы Павлодар қаласында туған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Аринов Айтбек 1915 жылы Новокарповка ауылында туған. 185 АД қатардағы жауынгер. Нұра АӘК-мен әскер қатарына шақырылған. 17.02.1942 ж. қайтыс болған. Калинин облысы О कोरोков селосында жерленген.

Аринов Қара (1924-2013) 1924 жылы Сегіз көң деген жерде дүниеге келеді. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін орденмен және мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Майданнан келісімен еңбекке араласып, зейнеткерлікке шыққанға дейін жүргізуші болып еңбек етті. 2013 жылы 89 жасында дүниеден өтті.



Аринов Қасымбек 1924 жылы Нұра ауданының Байтуған ауылында туған. Ұлы Отан соғысының қатысушысы болған. Егін шаруашылығында жүргізуші болып жұмыс істеген. Астана қаласында өткен Ақмола госпиталында жарақаттардан қайтыс болған сарбаздардың ескерткіштеріне гүл қою рәсіміне қатысқан.





Аринов Пішенбай 1898 жылы туған. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1942 жылдың тамыз бен қазан айлары арасында 877 атқыштар полкінің, 282 атқыштар дивизиясының құрамында шайқасқан. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және мерейтойлық медалдармен марапатталған.

Аринов Серік 1921 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Жастай майданға аттанған. Соғыстан кейін ауылда жұмыс істей бастаған, көп жылдар бойы мал шаруашылығында еңбек еткен.

Арсызбаев Есен 1913 жылы туған. Соғыстан кейін Алғабас ауылында тракторшы, бақташы болып жұмыс істеген. 1986 жылы 2 желтоқсанда дүниеден озды. Жауынгер. Марапаттары: «Отан соғысы» I дәрежелі ордені, «Жуков» және мерейтойлық медалдар.



Арықбекұлы Төлеу 1912 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Қарой ауылында туған. 1941-1942 Ұлы Отан соғысына қатысып, 1942 жылы ауыр жарақат салдарынан елге оралып, еңбекке араласқан. 1966 жылы 54 жасында дүниеден өтті.

Арынбаев Жаныш — қатардағы жауынгер. Новокарповка ауылының тумасы. 1941 жылы Нұра АӘК шақырылған. 1944 жылдың 25 қарашасында Латвияны азат етуде қаза тапқан.

Аршкенов Зікірия (1920-2003) 1920 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және жауынгерлік, мерейтойлық медальдармен марапатталған.

2003 жылы 83 жасында дүниеден өтеді.





Аршкенов Нығыман (1910-1983) 1910 жылы туған. 1941 жылға дейін туған ауылында еңбек етеді. 1941 жылы желтоқсан айында қан майданның алғы шебіне аттанып, 239 атқыштар полкінде атқыш болған. Сол жақ қолынан жарақат алып, 1944 жылы 5 қазанда туған елге оралады. Бейбіт өмірге араласып, зейнеткерлікке шығады. Ауыр науқастан 1983 жылы 73 жасында дүниеден өтті.

Асамбаев Қамзе 1911 жылы туған. «Қызыл Ту» ордені, «Германияны жеңгені үшін» және т.б. мерекелік медальдармен марапатталды.

Асанов Мұқатай 1914 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Көкмөлдір ауылында дүниеге келген. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. 1994 жылы 9 мамыр күні 80 жасында дүниеден өткен. Нұра ауданы, Көкмөлдір ауылында жерленген.



Асқарбаев Аман 1912 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Жараспай ауылында туған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.



Асубаев Рахым Сыздықұлы майданда әрекеттегі әскерге танкіге қарсы қарудың қатардағы артиллерисі болған. Көрсеткен ерлігі үшін оны III дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Ерлігі үшін» медалымен марапатталған. Ауыр жарақаттарынан кейін ол үйіне қайтып оралады, кейін Калинин орта мектебінде мектеп директоры болып жұмыс істеген.

Асыллов Айшамбек 1906 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. 1942 жылы Ақмола облысы, Степняк мекенінен соғысқа шақырылып, 1943 жылдың 2 қаңтарында блокада маңындағы қанды шайқаста қаза табады. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін орден және бірнеше медальдармен марапатталған.





Аужанов Бәшім 1902 жылы туған. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Соғыс мүгедегі. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Афонюшкин Егор Тимофеевич (1925-1986 гг.) родился в 1925 году, на фронт ушел в 1942 г. Участвовал в освобождении Германии. Был участником встречи Советских и Американских войск на реке Эльба. Воевал в кавалерийском полку в звании рядового. Награжден боевыми и юбилейными медалями.

В 1957 г. вместе с семьей приехал в с/з «Киевский», где все целинные годы добросовестно работал водителем. Умер в 1986 году в возрасте 61 год.



Аханов Әбілхан 1920 жылдың сәуір айында Көбетей ауылында дүниеге келген. 1939 жылы міндетті әскери борышын атқаруға Кертінді ауылынан шақырылады. 1 – ші Украин майданында артиллерия командирі болады. Мәскеу үшін шайқасқа, Польша, Венгрия, Чехословакияны азат етуге қатысады. III дәрежелі «Даңқ», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Сталинградты азат еткені үшін», «Ерлігі үшін» медалдарымен марапатталады. 1946 жылы елге аман-есен оралғаннан кейін түрлі ауыл шаруашылық жұмыстарында еңбек етіп, зейнеткерлікке шығады. 72 жасында қайтыс болған.

Ахметжанов Төрөбай 1919 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының «Көкөзек» ауылында туған. 1941-1945 Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін орден және медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірге араласып көп жылдары ауыл шаруашылығында қызмет жасаған. 1962 жылы 43 жасында өмірден өтті.



Ахметов Әбек - 326 АД жауынгері, атқыш. 1906 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Пушкино селосында туған. Нұра АӘК – нан шақырылған. 03.09. 1942 жылы қаза болды. Орел облысы Ульянов ауданы Хвосты деревнясында жерленген.

Ахметов Әубәкір 1904 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Байтуған ауылында туған. 06.04.1985 жылы марапат құжатын алған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.



Ахметов Әшім 1905 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Изенді ауылында туған. I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған. 23.12.1985 жылы марапат құжатын алған..


Ахметов Дәукен 1919 жылы Қарағанды облысының Нұра ауданы Талдысай ауылында туған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Ахметов Қапан 1925 жылы Қорғалжын ауданы Қараегін ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері. Соғыстан кейін есепші қызметін атқарды. I-ші дәрежелі соғыс мүгедегі. 1992 жылы қайтыс болған. Баршын ауылында жерленген.

Ахметов Төлеубек 1920 жылы Қосқопа ауылында туған. 1942 – 1944 жылдары Карельск майданы құрамында Отанымызды неміс–фашист басқыншыларынан азат етуге қатысты. Майдандағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан Соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. 1999 жылы дүние салды. Баршын ауылында жерленген.



Аюпов Қуаныш 1905 жылы туған. 1943 жылдан 1945 жылдың 24 ақпанына дейін майданда болған. 1945 жылы ақпан айында жарақат алғаннан соң, елге қайтып оралған. Жеңістің мерекелік медальдарымен марапатталған. 1992 жылы қайтыс болады.



Аязбеков Нығымет 1917 жылы туған. Қатардағы жауынгер. 1942-1945 жж. арасында Ұлы Отан соғысына қатысқан. 226 АП қатарында шайқасқан. Марапаттары: Ленин ордені және мерейтойлық медальдар. Соғыстан кейін Көкмөлдір ауылында тұрып, еңбек еткен.

Әбдібаев Дүйсенбай (1914-1980 жж.) 1914 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Қантай ауылында дүниеге келген. 1942 жылы соғысқа аттанды. 1945 жылы аман-есен елге оралды. Соғыста бірнеше жарақаттар алып госпитальда жатқан. Еліне оралған соң, өзінің туып-өскен ауылы Қантайда механизатор болып жұмыс істеді. Марапаттары: «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалы және мерейтойлық медальдар.


1974 жылы зейнеткерлікке шықты. 1980 жылы қайтыс болды.



Әбдікәрімов Әбдірәшит 1909 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Бірінші Май ауылында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін орден-медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірге араласып, 1956 жылы 47 жасында өмірден өтті.

Әбдікәрімов Дүйсеш 1922 жылы туған. 1942 жылы әскер қатарына Қарағанды облысы Нұра ауданының әскери комиссариатымен шақырылды. 78 див. 264 ап. қызмет еткен.


Әбдрахманов Қазтай (1924-1987жж.) 1942-49жж. 135 ПМ атты жеке батальонында қатардағы жауынгер болған. I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Кенигсбергті алғаны үшін», т.б. мерейтой медальдарымен марапатталды. Соғыстан кейін ауылда мал шаруашылығында еңбек етті.



Әбдрахманов Төлеубек – 1909-1985ж. 3-ші полк, 3-ші дивизия. 1985 жылы қайтыс болды.

Әбенұлы Әпсәт 1907 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Қарой ауылында туған. 1942-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, 1943 жылы Сталинград түбіндегі шайқаста қаза болған.

Әбенұлы Қалық 1905 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Қарой ауылында туған. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып жеңіспен елге оралған. Бейбіт өмірге араласып еңбек етіп, 1961 жылы қанды майдан даласынан алған ауыр жарақаттардың әсерінен қатты науқастанып, 56 жасында дүниеден өтті.



Әблақатов Әбдірәшит - соғысқа дейін Целиноград қаласының Ж.Жабаев атындағы мектебінде ұстаз болып қызмет еткен. 1941 жылы алынып 110 аэроинженерлік батальонда барлаушы болды. «Еңбек Қызыл Ту» орденінің және көптеген медальдардың иегері. Баршын орталау мектебінің негізін қалап, оның директоры болды. Баршын ауылында жерленді.



Әбілов Бұқпа 1924 жылы қараша айының 17 күні Құрылыс ауылында дүниеге келген. 1942 жылдың тамыз айынан 1949 жылдың сәуіріне дейін әскерде болған. Москва, Белоруссия жерін қорғауға қатысты 1944 жылдың аяғында Румынияға барған. 1946 жылы Батыс Украина, Молдовияға барған. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін: «Отан соғысы» II дәрежелі ордені және бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Әбілдинов Шұғай 1915 жылы Нұра ауданы Құмкөл көлінің бойында туған. 1943 жылы соғысқа аттанып, Ленинград облысының Нева өзенінің сол жағасында қаза болған.

Әбілов Майтан 1902 жылы туған. 1942 ж. 03-нен ЖШҚӘ-де. Әскерге Нұра АӘК-мен шақырылған. 1133 ап 339 ад 16 тк ЖПА-да қызмет еткен. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Әбітаев Жағыпар (Әбетаев) 1922 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Өндіріс ауылында туған. I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Праганы азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медалдарымен марапатталған.

Әбішев Кәкен 1915 жылы Қарағанды облысында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірге араласып Киевка №1 орта мектебінің директоры ретінде және білім беру саласында жемісті еңбек еткен. Қайтыс болған.

Әбішев Қызкен 1910 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірге араласып, көп жылдар мұғалімдік және мектеп басшысы қызметін атқарған. Жемісті еңбегінің нәтижесі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған.



Әзизов Айтым 1923 жылы Байтуған ауылында туған. Нұра АӘК-мен әскер қатарына шақырылған. 17.08.1942 ж. Ленинград облысында қайтыс болған.

Әйкенов Рамазан — қатардағы жауынгер, атқыш. 1912 жылы Байтуған ауылында туған. Нұра АӘК шақырылған. Госпитальда жарақат зардабынан қайтыс болған.



Әкімжанов Ошақбай 1925 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Көкмөлдiр ауылында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін көптеген медальдармен марапатталған. Соғыстан кейiнгі жылдары әртүрлі жұмыстар атқарған. Қазақша күрестен Қазақстан Республикасының чемпионы атанған. 1985 жылы зейнеткерлікке шығып, 2005 жылы 80 жасында дүниеден өтті.



Әлжанов Темiр 1926 жылы туған. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына қатысты. I Украин майданына қатысқан және Отанымызды, Одақтас Республика жерлерiн фашистерден азат етті. Соғысты Чехословакияда аяқтады. Майдандағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» ордені, III дәрежелі «Даңқ» ордені, II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, сондай-ақ көптеген медальдармен марапатталды. 2 – ші топтағы мүгедек. 1996 жылы дүниеден озды. Қорымы Баршын ауылының Бестамақ бөлімшесінде.




Әлин Түсей 1902 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданында туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейiнгі жылдары бейбіт өмірге араласып, ауыл шаруашылығын көтеруге өз үлесін қосқан. Мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1995 жылы 93 жасында дүниеден өтті.

Әлинов Сәбит 1913 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Жараспай ауылында туған. Қатардағы әскери қызметкер болған. Кемерово ҰҚЖ қабылдап алып жіберетін әскери пунктте қызмет еткен. 21.01.1944 ж. бөлімге келген.

Әлкенов Бейіспек 1914 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Көбетеі ауылында туған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Әлкенов Елубай 1918 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Қызыл Жұлдыз ауылында туған. Әскерге Нұра АӘК-мен шақырылған. 61 А Белорус майданының 31 гв. ап 12 гв. артиллериялық дивизиясында да қызмет еткен. «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және мерейтойлық медальдармен марапатталған.






Әлкенов Жұмыш 1915 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Жараспай ауылында туған. ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірге араласып жауапты қызметтер атқарып жемісті еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Қайтыс болған.



Әлмағамбетов Мұса 1920 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Ақтөбе ауылында туған. І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін ауылда еңбек еткен.

Әлмаханов Сапар 1916 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Шахтер ауылында туған. І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Әлібек Нағидолла Бәстемұлы (1926-1999) 1926 жылы мамырдың 14-де Қарағанды облысы Нұра ауданында дүниеге келген. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы» І дәрежелі ордені және бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары Нұра ауданында әртүрлі басшылық қызметтерді атқарған. 1983 жылы зейнеткерлікке шықты, еңбектегі ерліктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1999 жылы 73 жасында дүниеден өтті.



